

"Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 618 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 592 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 5, 57-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасында (тізімінде):

"Екі ұдай қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялар" деген бөлімде:

1-санат "Материалдар, химикаттар, "микроорганизмдер" мен уыттар деген кіші бөлімде:

мынадай мазмұндағы 1А301-бөлікпен толықтырылсын:

"1А301. Уыттарды немесе патогенді микроағзаларды кептіруді қамтамасыз ететін тозаңдату құрғатқышына арналған және мынадай сипаттамалары бар құрал-жабдық:

- 1) буланған ылғалдылық бойынша өнімділігі 0,4 кг/сағ 400 кг/сағ дейін;
- 2) орташа типтік өлшемі 10 мкм және штаттық жарақтандырудан кем емес өнімнің бөлшектерін өндіруге немесе тозаңдатқыш саптамасы бар құрғатқыштың ең аз түрлендіру кезінде бөлшектердің қажетті өлшемін өндіруге мүмкіндік беретін қабілеті;
- 3) алдын ала бөлшектемей зарарсыздандыру немесе дезинфекциялау мүмкіндігі.";

1С350 "Мыналар секілді токсинді химиялық заттарды жасау үшін пайдалануы мүмкін" деген бөлік мынадай мазмұндағы 60, 61, 62, 63-тармақтармен толықтырылсын:

- "60. Метилфосфон қышқылы (993-13-5);
61. Диэтил метилфосфаты (683-08-9);
62. N,N-диметиламинофосфорил дихлориды (677-43-0);
63. Триизопропил фосфиты (116-17-6).";

мынадай мазмұндағы техникалық ескертпемен толықтырылсын:

"Техникалық ескертпе:

химиялық заттар Химиялық реферативтік қызметтің (CAS) атауы, нөмірі және Химиялық қаруды әзірлеуге, өндіруге, жинақтау мен қолдануға тыйым салу және оны жою туралы (егер пайдалануға келетін болса) Конвенция заттарының тізімі бойынша аталған. Сол құрылымдылық формуланың химиялық заттары (мысалы, гидраттар) CAS атауына немесе нөміріне қарамастан бақыланады. CAS нөмірлері оны ерекше химиялық зат немесе химиялық заттардың қоспасы ерекшеліктеріне қарамастан бақыланатынын сәйкестендіру үшін келтіріледі. Алайда CAS нөмірлері барлық жағдайларда бірегей сәйкестендіргіштер ретінде пайдаланылмайды, себебі аталған химикаттың кейбір нысандарында CAS нөмірлері әртүрлі және құрамында аталған химикаттар бар қоспалардың да CAS нөмірлері әртүрлі болуы мүмкін.";

1С351 "Мыналар секілді адам және жануарлар үшін қауіпті патогендер және токсиндер:" деген бөлікте:

"Мыналар секілді осындай вирустармен әдейі жұқтырылған қоректік ортаны қоса алғанда, "оқшауланған дақылдар" нысанындағы немесе материал ретіндегі табиғи шығу тегі бар немесе өзгертілген вирустар:" деген а абзацының 31-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Өкпенің және бүйректің геморрогиялық безгегін тудыратын Сеул, Добрава, Пуумала, Син Номбренің, Андес, Чапаре, Чокло, Лухо, Қара Мүйіс (Seou virus, Dobrava virus, Puumala virus, Sin Nombre virus, Andes virus, Chapare virus, Choclo virus, Lujo virus, Laguna Negravirus) вирустары;"

"Мыналар секілді осы бактериялармен әдейі жұқтырылған қоректік ортаны қоса алғанда "оқшауланған дақылдар" нысанындағы немесе материал ретіндегі табиғи шығу тегі бар немесе өзгертілген бактериялар:" деген с абзацында:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Клостридиальдік қалтырау, (*Clostridium perfringens*, *Clostridium baratti*, *Clostridium butyricum*) ауруларды тудыратын токсиндер өндіріледі;"

мынадай мазмұндағы 16 және 17-тармақтармен толықтырылсын:

"16. Шига уыттүзуші (STEC), ішек таяқшасы (*Escherichia coli*), O26, O45, O103, O104, O111, O121, O145, O157 серотиптері және Шига3³ уытын түзуші басқа да серотиптер;

17. *Clostridium argentinense* қоздырғышы, бұрынғы ботулизм қоздырғышының G типі (*Clostridium botulinum*) атымен белгілі болған, ботулиндік нейротоксин түзуші штаммдар.";

d, e, f абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"d. WB1, WB2, WB3, WB4 түрлерінің бактериялары;

e. F1 *Coccidioides immitis* және F2 *Coccidioides posadasii*, переносклероспора филиппиненсис, склерофтора райссиэ вариант зиэ, синхитриум эндобитикум, тиллетиа индика, текафора солани саңырауқұлақтары;

f. Генетикалық элементтер және генетикалық түрлендірілген ағзалар:

1. Тізімге енгізілген микроағзалардың кез келгенінің патогенділігімен байланысты нуклеин қышқылдарының реттілігі бар генетикалық элементтер.

2. Тізімде көрсетілген уыттардың немесе олардың суббірліктерінің кез келгенін кодтайтын, нуклеин қышқылдарының реттілігі бар генетикалық элементтер.

3. Тізімге енгізілген микроағзалардың кез келгенінің патогенділігімен байланысты нуклеин қышқылдарының реттілігі бар генетикалық түрлендірілген ағзалар.

4. Тізімде көрсетілген уыттардың немесе олардың суббірліктерінің кез келгенін кодтайтын нуклеин қышқылдарының реттілігі бар генетикалық түрлендірілген ағзалар.";

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе: Генетикалық түрлендірілген ағзаларға генетикалық материалы (нуклеин қышқылдарының реттілігі) табиғатта будандастыру және (немесе) табиғи мутаганез кезінде табиғатта кездеспейтіндей болып өзгерген ағзалар, толығымен немесе ішінара жасанды жолмен алынған микроағзалар жатады.

Генетикалық элементтердің қатарына басқалармен қатар, генетикалық түрлендірілген және түрлендірілмеген хромосомалар, геномдар, плазмидтер, транспозоналар және векторлар кіреді.

Нуклеин қышқылдарының тізімге енгізілген кез келген микроағзалардың патогенділігімен байланысты реттілігі көрсетілген тізімдегі кез келген микроағзаға сәйкес арнайы өзіндік ретін білдіреді:

1. Өздігінен немесе оны трансляциялау немесе транскрипциялау кезінде алынған азық-түлік арқылы адамдардың, жануарлардың денсаулығына немесе өсімдіктерге едәуір қауіп туғызатын.

2. Оған қатысты белгілі аталған микроағзалардың немесе кез келген басқа ағзалардың қабілетін арттыратындығы, ол қосу арқылы енгізілген немесе басқа жолмен интеграцияланған және адамдардың, жануарлардың денсаулығына немесе өсімдіктерге едәуір қауіп тудыратын.

3. Көрсетілген бақылау шаралары энтерогеморрагиялық *Escherichia coli*, O157 серотипі немесе веротоксинді не оның суббірліктерін кодпен жазатындардан басқа, веротоксин түзетін басқа да штаммдардың патогенділігімен байланысты нуклеин қышқылдарының реттілігіне қатысты қолданылмайды.";

"1С351. с. тармағы бойынша мынадай өлшемдерде қанағаттандыратын вакциналар бақылауға алынбайды:" деген ескертпеде:

d абзацы мынадай мазмұндағы 20-тармақпен толықтырылсын:

"20. Альфа-уыты және улы естен тану уытты синдромы (бұрыннан гемолизин F стафилококк түр энтероуыт ретінде белгілі (*Staphylococcus enterotoxin F*).";

1С354 "Мыналар секілді өсімдіктерге қауіпті патогендер:" деген бөлікте с. абзацы мынадай мазмұндағы 7, 8, 9, 10, 11-тармақтармен толықтырылсын:

7. Пероносклероспора филиппиненсис (*Peronosclerospora philippinensis*);

8. Склерофтора райссиэ вариант зиэ (*Sclerophthora rayssiae var. zeaе*);

9. Синхитриум эндобиотикум (*Synchytrium endobioticum*);

10. Тиллетиа индика (*Tilletia indica*);

11. Текафора солани (*Thecaphora solani*).";

"PV1 және PV2 вирустары;" деген d абзацы алынып тасталсын;

1Е203 бөлігінен кейін мынадай мазмұндағы 1Е301 бөлігімен толықтырылсын

:

"1Е301. 1С354 бөлігінде көрсетілген аурулар (патогендерді) қоздырғыштарын әзірлеу немесе өндіру технологиясы.";

2-санат "Материалдарды өңдеу" деген кіші бөлімде:

2В006 "тармақ бойынша бақыланатындардан басқа, мыналар секілді мөлшерлерді бақылау тетіктері, жүйелер немесе құрылғылар:" деген бөлікте:

a абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"a. Басқарылатын компьютермен немесе ЧПУ блогымен мынадай сипаттамалардың екеуі де бар координатты өлшеу машиналарының (КӨМ):

1. Осьтің екі немесе одан көп координаттары; және

2. 10360-2 (2009) ИСО-тексерілген машинаның жұмыс диапазоны шегінде (яғни ұзындығы шегінде) кез келген нүктеде E_{0x} E_{0y} немесе E_{0z} сияқты белгіленген, бірдей немесе $1.25+L/100$ мкм) кем/артық (мұндағы L - миллиметрмен өлшенетін ұзындық) кез келген осьті бойлай ұзындықты (E_0 МДП) өлшеудің ең көп рұқсат етілген қателігі.";

2-ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"2-ескертпе: 2В206 бөлігінде сипатталған жүйелер, егер олар экспорттық бақылауға жататын үлгілерден олардың қандай да бір жұмыс диапазонында асып кететін болса, экспорттық бақылауға жатады.

Техникалық ескертпелер:

1. Осы тармақта барлық өлшенетін мөлшерлердің параметрлері қосу/алуды білдіреді, яғни жалпы диапазонды емес.";

2B231 "Төменде санамаланған сипаттамалардың барлығына ие вакуумдық насостар:" деген бөліктің с абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"с. 13,3 МПа аз шекті вакуум құруға қабілетті.";

2B350 "Мыналар секілді химиялық өндірістік қондырғылар мен жабдық:" деген бөліктің k., l., m., n., o абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"k. Тығыздағышсыз және бірнеше тығыздағышы бар ниобийден (колумбий) жасалған реакторлар, реакциялық сауыттар;

l. Тығыздағышсыз және бірнеше тығыздағышы бар ниобийден (колумбий) жасалған сақтауға арналған бактар, контейнерлер немесе қабылдағыш резервуарлар;

m. Тығыздағышсыз және бірнеше тығыздағышы бар ниобийден (колумбий) жасалған жылу алмастырғыштар және конденсациялық аппараттар;

n. Тығыздағышсыз және бірнеше тығыздағышы бар ниобийден (колумбий) жасалған ректификациялық немесе сіңіргіш бағаналар;

o. Мынадай материалдардан жасалған қалпақшалар:

1. Ниобийден (колумбий) жасалған тығыздағышсыз және бірнеше тығыздағыштармен.

2. Салмағы бойынша тазалығы 80 % немесе одан асатын кремний карбидін, салмағы бойынша тазалығы 99,99 % немесе одан асатын алюминий жоғары алюминий тотығы (оксидті алюминий) немесе цирконий тотығын (цирконийдің қос тотығы) қоса алғандағы керамикалық материалдардан.";

мынадай мазмұндағы p, r, s, t абзацтармен толықтырылсын:

"p. Тығыздағышсыз және бірнеше тығыздағышы бар ниобийден (колумбийден) жасалған агитаторлар;

r. Тығыздағышсыз және бірнеше тығыздағышы бар ниобийден (колумбийден) жасалған көп қатпарлы құбырлар;

s. Тығыздағышсыз және бірнеше тығыздағышы бар ниобийден (колумбийден) жасалған сорғыштар;

t. Улағыш газдардың мониторинг жүйелері және оларды анықтаудың мамандандырылған компоненттері: датчиктер; сенсорлық құрылғылар; сенсордың алмалы-салмалы картриджтері; және мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету, осылайша:

1. Үздіксіз жұмыс жасау үшін әзірленген және әскери химиялық заттарды немесе кемінде $0,3 \text{ мг/м}^3$ концентрациялары кезінде бақыланатын АГ прекурсорларын анықтау үшін қолданылады.

2. Холинестеразаны анықтау үшін әзірленген.";

мынадай мазмұндағы техникалық ескертпемен толықтырылсын:

"Техникалық ескертпе: төсем, орауыштар, тығыздағыштар, винттер, шайбалар жасалған материалдар немесе герметикалық функцияны орындайтын кез келген басқа материалдар, мұндай компоненттер ауыспалы ретінде әзірленген жағдайда жоғарыда аталған тармақтардың бақылау мәртебесін айқындамайды.";

3-санат "Электроника" деген кіші бөлімде:

3A228 "Мыналар секілді қосушы құрылғылар:" деген бөлікте:

а. абзацының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"а. Газбен толтырылуы немесе толтырылмауына қарамастан, ұшқындық күшейткіш ретінде жұмыс істейтін және барлық мынадай сипаттамаларға ие, салқын катодты түтіктер:";

"Әскери қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялар тарауы (бұдан әрі - әскери тізім)" деген бөлімде:

"Жалпы химиялық ескерту" деген кіші бөліктің екінші бөлігі алынып тасталсын;

ML4 "Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған төменде санамаланып көрсетілген бомбалар, торпедалар, басқарылмайтын ракеталар, басқарылатын ракеталар және ілеспе жабдық пен аксессуарлар және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер" деген бөлікте:

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"ескертпе: ұшақтың ракетаға қарсы қорғану жүйелері (ҰРҚЖ) үшін";

"ML4 (а) мыналарды қамтиды:" деген ескертпе мынадай мазмұндағы (с) абзацымен толықтырылсын:

"(с.) Ұшақтың ракетаға қарсы қорғану жүйесі (ҰРҚЖ).";

мынадай мазмұндағы ML4 (с) ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе: ML4.(с.) мынадай сипаттамалары бар ҰРҚЖ-ны бақыламайды:

а. Ракетаға қарсы дабыл сенсорларының кез келген түрі:

1. 100-400 нм аралығында барынша үні бар енжарлы сенсорлар; немесе

2. Белсенді пульсті Допплерлі ракетаға қарсы дабыл сенсорлары;

б. Радиоэлектронды басу (РЭБ) құралдарын лақтыру жүйесі;

с. "Жер-ауа" класындағы ракеталардан жалтару үшін, олардың көрумен тең инфрақызыл ізін көрсететін дабыл қақпандары;

д. "Азаматтық ұшақта" бекітілген мынадай сипаттамалары бар:

1. ҰРҚЖ тек қана арнайы "азаматтық ұшақта" жұмыс істей алады, онда арнайы ҰРҚЖ орнатылған және ол үшін мынадай құжаттар берілген:

а. Азаматтық үлгідегі сертификат; немесе

б. Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) таныған тең құжат;

2. ҰРҚЖ бағдарламаны қамтамасыз етудің санкцияланбаған кіруден қорғауды көздейді; және

3. ҰРҚЖ жүйе жұмысын егер ол бұрын "азаматтық ұшақта" орнатылған одан алынған жағдайда тоқтататын белсенді тетіктен құралады.";

ML5 "Атысты басқарудың төменде санамаланған аппаратурасы, жауынгерлік әзірлікке келтіру мен хабарлаудың ілеспе жабдығы, әскери мақсатты арнайы құрастырылған ілеспе аппаратура және қарсы іс-әрекет жасау аппаратурасы, олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер:" деген бөлік мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе: ML5.с. тармағы үшін қарсы іс-әрекет аппаратурасы айқындау аппаратурасынан тұрады.";

ML6 "Жер үсті көлік құралдары мен оларға арналған компоненттер:" деген бөлік мынадай мазмұндағы 4-ескертпемен толықтырылсын:

"4-ескертпе: ML6 мынадай талаптарға сәйкес келетін көлік құралдарын бақыламайды:

а. 1946 жылғы дейін шығарылған;

б. Әскери тізімде көрсетілгендерге жатпайды және 1945 жылдан кейін шығарылған, көлік құралдарына арналған өзіндік компоненттерінің немесе аксессуарларының кескіндерінен басқа; және

с. ML1., ML2. немесе ML4-те көрсетілген қару-жарақтар кірмейді, оның жұмысқа жарамсыз болған және жарықшақтарға бөлуге жарамаған жағдайлардан басқа.";

ML8 "Төмендегі "энергетикалық материалдар" мен жанама заттар:" деген бөліктің (а) абзацында:

34-тармақтың (b) абзацы мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Әскери мақсаттар үшін арнайы құрастырылған Әскери тізімде айтылмаған ракета отыны.";

ML 9 "Мынадай әскери кемелер, арнайы әскери-теңіз жабдығы, әскери қолдану үшін арнайы олар үшін аксессуарлар мен компоненттер:" бөліктің (а) абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"(а) Олардың әскери емес мақсаттарға пайдалануға қайта бейімделгеніне-бейімделмегеніне, жай-күйі мен функционалдық дайындығына, қару-жарақ және қорғау жүйелерінің болуына немесе болмауына, және олар үшін әскери мақсатқа арнап арнайы құрастырылған немесе түрлендірілген компоненттерінің болуына немесе болмауына қарамастан, шабуыл немесе қорғаныс іс-әрекеттері үшін арнайы құрастырылған немесе түрлендірілген әскери кемелер, кемелер (су үстіндегі немесе су астындағы).

Су үстіндегі кемелер, ML9. а. 1-де көрсетілгендерден басқа, мынадай кемелерге белгіленген және интеграцияланған:

a. ML1. көрсетілген 12.7 мм немесе одан көп калибрлі автоматты қару немесе ML2., ML4., ML12. немесе ML19. көрсетілген қару немесе "бекітпе" немесе ұқсас қаруға арналған тығыз тұғырнама;

техникалық ескертпе:

"Бекітпе" деп қару-жарақты орнату мақсатындағы қару бекітпесін немесе құрылымдық нығайтуды айтады.

b. ML5. көрсетілген отты басқару жүйелері;

c. Мынадай белгілері бар:

1. "Химиялық, биологиялық, радиологиялық және радиациялық (РХБЗ) қорғаныс"; және

2. Зарарсыздандыру мақсатында құрастырылған "шаю жүйесі";

d. ML4.b., ML5.c. немесе ML11.a. көрсетілген қаруға қарсы іс-әрекеттің белсенді жүйелері және мынадай белгілері бар:

1. "РХБ қорғану";

2. Бейненің тиімді алаңын кішірейту үшін арнайы құрастырылған корпус және палуба үстіндегі құрылыстар;

e. Жылулық бүркенішті белгілерді төмендететін құрылғылар (мысалы Қалдық газдарды суытатын жүйе), электростанциялардың жалпы тиімділігін арттыру немесе экологиялық зиянды азайту үшін арнайы құрастырылғандардан басқа; немесе

f. Бүкіл кеменің магниттік өрісін төмендету үшін құрастырылған магнитсыздандыру жүйесі.";

ML0 "Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған немесе модификацияланған төменде санамаланған "ұшу аппараттары", ұшқышсыз ұшу аппараттары, авиациялық қозғалтқыштар және "ұшу аппараттарының" жабдығы, ілеспе жабдық пен компоненттер:" деген бөліктің (b) абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"(b.) 2011 жылдан бері пайданылмайды";

ML11 "Әскери мақсат үшін арнайы құрастырылған электронды жабдық және олар үшін арнайы құрастырылған компоненттер:" деген бөлікте:

ескерту мынадай мазмұндағы h, i, j абзацтарымен толықтырылсын:

"(h.) Сандық тропосфералық радиобайланысқа арналған өткізу құралдары;

(i.) Радиотехникалық барлау үшін арнайы құрастырылған сандық демодуляторлар;

(j.) "Басқару және бақылау автоматтандырылған жүйесі".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК